

УДК 82-31

ЖАЗУШЫ Т. АХТАНОВТЫҢ “БОРАН” ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

Серикбаева Н.С.

Рудный қаласының,
№ 12 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қанапина С.Ғ.,

филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ

Жазықова Т.Б.,

3 курс студенті, ҚМПИ
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Ғылыми мақала жазушы Т.Ахтановтың «Боран» шығармасындағы фразеологизмдердің стильдік қызметін анықтауға арналған. Мақалада жазушы тіліндегі фразеологизмдердің қолданыс ерекшелігі қарастырылады.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности фразеологизмов в романе «Боран» писателя Т. Ахтанова. Также рассматриваются стилистические особенности в употреблении фразеологизмов.

Abstract

The article discusses the features of phraseology in his novel "Boran" writer T.Ahtanov. It also discusses the stylistic features used phraseology.

Түйінді сөздер: фразеологизм, роман, Т.Ахтанов, жазушы, стильдік өзгешеліктер

Ключевые слова: фразеологизмы, роман, Т.Ахтанов, писатель, стилистические особенности.

Key words: phraseology, novel, T.Ahtanov, writer, stylistic features.

1.Кіріспе.

Тіл мәдениетінің бастауы – фразеологизмдер. Әрбір қазақ үшін – тіл мәдениетін меңгеру міндеттерінің бірі – дұрыс сөйлеу, образды сөйлеу дағдысын қалыптастырудағы тұрақты тіркестердің рөлі ерекше. Бұл ретте фразеологизмдер белгілі бір тілдік мұқтаждықты өтейді.

2.Талқылау.

“Фразеология” дегеніміз, біріншіден, “тілдегі барлық фразеологизмдердің жиынтығы, әлемі, қазынасы”, екіншіден, “фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласы”. Ал фразеологизм дегеніміз – құрамындағы сыңарлары өте тұрақты болып келетін, қолданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі. Мұнда тіркес құраушы сөздер өздерінің бастапқы тура мағыналарынан мүлдем немесе жарым-жартылай айырылып, өзара жымдаса келіп, бір ғана фразеологиялық жалпы мағынаға ие болады. Бұл мағынаға ауыспалылық пен бейнелілік тән.

Қазақ тілі қазынасындағы тұрақты тіркестердің релеванттық қасиетін айқындау, қазақ фразеологизмдерін іштей саралап бөлу, сондай-ақ фразеологиялық мағынаның қалыптасуы, фразеологизмнің құрам сипаты және компоненттердің байланысу түрлері, фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдердің сөзден және мақал – мәтелдерден айырмашылығы мен оларға ұқсас тұстары, фразеологизмдердің грамматикалық сипаты, бірнеше фразеологизмдердің жасалуына арқау болатын ұйытқы сөздер, фразеологиялық калька сияқ-

ты фразеологияның көкейтесті мәселелерін қазақ тіл білімінің күн тәртібіне қойып, қазақ фразеологиясының бағыт – бағдарын саралаған, осы саланың дербес пәнге айналуының негізін қалаған ғалым академик І.Кеңесбаев болды. **А.Ысқақов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ә.Т.Қайдаров, Р.Сыздықова** тәрізді қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері қазақ фразеологиясының дербес пән болып қалыптасу, даму жолында көптеген мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешуге ат салысты.

Фразеологизмдерді топтау мәселесі І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ә.Т.Қайдаров, Р.Жайсақовалар қазақ фразеологизмдерінің құрамдық сипатын ашып, семантикалық – тақырыптық аясын белгілеп, топтастыру принциптерін айқындады. Р.Сыздықова Абай тіліндегі фразеологизмдерді зерттеу арқылы қазақ фразеологизмдерінің поэтикалық тілдегі жұмсалып өрісін зерделеп, авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің жасалу механизмін көрсетті. Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев еңбектерінде қазақ фразеологиясының теориялық мәселелері жинақтала сөз болды. Р.Сәрсенбаев зерттеулерінде фразеологизмдердің мақал – мәтелдермен, нақыл сөздермен ара – қатысы айқындалды.

Бүгінгі қазақ фразеологиясында зерттеудің үш түрлі бағыты орын алып отырғаны байқалады. Біріншісі – қазақ фразеологизмдерін таза тілдік тұрғыдан бір тіл аясында зерттеу. Бұл бағытта қазақ тіл білімінде көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әсіресе фразеологизмдерді лексикографиялық өңдеуден өткізудегі І.Кеңесбаевтың **“Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі”** (Алматы, 1977), Ә.Қайдаровтың **“Мың әсерлі де бейнелі орамдар”** (Астана, 2003) сияқты еңбектерін, фразеологизмдердің сыртқы және ішкі құрылымындағы дыбыстық, мағыналық, семантикалық, әуезділік үйлесімін, т.б. архитектурасын талдап ашып берудегі С.Сәтенованың **“Қазақ тіліндегі қостағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты”** (Алматы, 1997) атты зерттеуін, фразеологизмдердің варианттарын көрсету, синонимдік қатарын анықтаудағы Г.Смағұлованың **“Фразеологизмдердің варианттылығы”** (Алматы, 1996), **“Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық – мәдени аспектілері”** (Алматы, 1998) тәрізді еңбектерін атап айтуға болады. Р.Сыздықованың **“Сөздер сөйлейді”** (Алматы, 1994), Н.Уәлиевтің **“Фразеология және тілдік норма”** (Алматы, 1998) сияқты еңбектерде көптеген фразеологизмдер этимологиялық тұрғыдан талданып, олардың құрамындағы мағынасы күнгірттенген, тіптен мүлдем белгісізденіп кеткен сөздердің мән – мағынасы ашылды. Қазақ фразеологизмдері фразеологиялық бірлікті жасауға ұйытқы болатын сөздер негізінде соматикалық фразеологизмдер, фитофразеологизмдер, сан – мөлшер фразеологизмдері, зоофразеологизмдер, антропонимдік фразеологизмдер деп семантикалық – мағыналық топтарға, тақырыптарға топтастырып арнайы қарастырылуда.

Қазақ фразеологиясындағы үстем болып отырған екінші бағыт – қазақ тілінің фразеологиялық бірліктерін орыс, ағылшын, неміс сияқты болмыс бітімі, құрылымы бөтен тілдердің фразеологизмдерімен салғастыра зерттеу ісі. М.Х.Абилғалиева, М.А.Сыздықова, М.А.Жақсыбаева, т.б. зерттеулерінде тіларалық фразеологиялық сәйкестіктерді айқындау, интернационалдық фразеологиялық қорды анықтау, салғастырылушы тілдер фразеологиясындағы ұқсас тұстар мен өзіндік ерекшеліктерді саралау және ұқсастықты тудырушы факторларды айқындау мәселелері көрініс тапты. Бұл орайда Г.Сағидолданың қазақ және монғол фразеологизмдерін тіларалық деңгейде салыстырған **“Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны”** (Алматы, 2003) атты еңбегін түркі – монғол салыстырмалы фразеологиясын қалыптастырудағы алғашқы бастама ретінде атап айтуға болады.

Қазақ фразеологиясындағы үшінші бағыт – фразеологиялық бірліктерді когнитивтік, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, психолінгвистикалық аспектіде қарастыру бағыты. Бұл бағыт фразеологизмдерді ұлттың дүниетанымдық, мәдени, тарихи, материалдық құндылықтарымен сабақтастыра зерттеуге айрықша мән береді. Академик Ә.Т.Қайдар, Ж.Манкеева, С.Сәтенова, Б.Ақбердиева, Қ.Ғабитханұлы, Ш.Сейітова, С.Жапақов сияқты тілші мамандардың зерттеулері белгілі бір этногенетикалық қауымдастықтың ақиқат тура-

сындағы таным – түсінігін, ментальді әлемін, ғасырлар бойы үзіліссіз жалғасқан ұжымдық тәжірибесін, рухани және материалдық мәдениетін тілі арқылы танып білуде аса маңызды.

Қазақ фразеологизмдерін когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, этнопсихоллингвистикалық аспектіде зерттеуге бағыттылған үшінші бағыт – ХХІ ғасыр ғылымының басты парадигмасы – антропоцентризмнің жемісі, жаңа ғасыр талап етіп отырған ғылыми интеграцияның нәтижесі [1, 57 – 60 бет].

Ғалым Ш.Сейітова өзінің 2009 жылы қорғаған **“Қазақ этнонимдерінің тарихи – лингвомәдени жүйесі”** атты докторлық диссертациясында орта жүздегі алты арыс ел – арғын, керей, уақ, қыпшақ, қоңырат, найман, яғни Шығыс Қазақстан аймағында қоныстанған осы ру – тайпаға қатысты қалыптасқан атаулар мен тұрақты тіркестердің тарихи – тілдік табиғатын, уәждену ерекшелігін қарастырады. Ру – тайпа атауларынан, тарихи тұлға есімдерінен қалыптасқан тұрақты тіркестерді таксондық тұрғыдан жіктеп, лингвомәдени, этнолингвистикалық сипатын анықтайды [2, 4 бет].

Ғалым Р.Үрімова өзінің 2009 жылы қорғаған **“Қазақ тілінің аймақтық мақал – мәтелдері мен фразеологизмдерінің этноқұрылымдық сипаты”** кандидаттық диссертациясының **“Қазақ тілінің аймақтық мақал – мәтелдері мен фразеологизмдері”** атты тарауының **“Қазақ тілінің аймақтық мақал – мәтелдері мен фразеологизмдерінің зерттелу жайы”** деп аталатын бөлімінде диалектілік фразеологизмдердің зерттелуі жайында айтып өтеді. Қазақ диалектологиясында тұрақты тіркестерге алғаш көңіл аударып, олардың жеке аймақтарға тән сипаты профессор С.Аманжоловтың, Ж.Досқараевтың еңбектерінде ашылып көрсетілді. Диалектілік фразеологизмдер туралы ой – пікірлердің жалғасы Қостанай қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген А.Байжоловтың (1963), Орда қазақтарының тілдің ерекшеліктерін зерттеген Ә.Бөрібаевтың (1964), Маңғыстау сөйленісіндегі тұрақты тіркестерді зерттеумен айналысқан С.Омарбековтің (1965), жоғары оқу орнына арналған **“Қазақ диалектологиясы”** оқулығындағы құрамында әдеби тілде жоқ сөздер кездесетін тұрақты тіркестерге ерекше тоқталған Ғ.Қалиев пен Ш.Сарыбаевтың (1991), қазақ тілі сөйленістерінің батыс тобындағы аймақтық сөз тіркестерін синтаксистік ерекшелік ретінде көрсеткен Ә.Нұрмағамбетовтің (1974), оңтүстік сөйленіске жататын Түркістан тұрғындарының ерекшеліктерін қарастырған Б.Жүсіпованың (2003) еңбектерінде берілген. Сонымен қатар, Қ.С.Қалабаева (1997), М.Атабаева (2006) еңбектерінде диалектілік фразеологизмдерге жүйелі талдау жасалған [3, 9 – 10 бет].

М.Атабаева диалектілік фразеологизмдер жайында былай дейді: “Диалектілік фразеологизмдер пайда болу, жасалуы жағынан алғанда, тілдің тарихымен өзектес, сондықтан диалектілік фразеологизмдерді жинау, зерттеу, сипаттау аймақтық лексиканың құрамы мен көлемі мәселесін ғана шешпейді, біріншіден, диалектілік тұрақты тіркестер – тіл тарихына қатысты шешімі табылмай жүрген сұрақтардың жауабын табуға септігін тигізе алатын сенімді дереккөз, олардың бойында дыбыстық, грамматикалық құрылыстың көне элементтері тұнып қалған. Екіншіден, диалектілік фразеологизмдер бойынан аймаққа тән сөзжасам және сөздердің түрлену жүйесі айқын көрінеді, үшіншіден, диалектілік тұрақты тіркестер әдеби тілдің фразеологиялық құрамын байытуға азды – көпті үлес қосады, төртіншіден, фразеологиялық тіркестер семантикасы ауқымды, терең, олардың мазмұнында этностың рухани мәдениетінің айшықты мағлұматтары жинақталған” [3, 9 – 10 бет].

Ғалым А.Нұржанова өзінің 2010 жылы қорғаған **“Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды”** деп аталатын кандидаттық диссертациясында қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдерді “тіл және адам” проблематикасы тұрғысынан өзектей отырып, олардың мазмұн межесін қазақ этносының дүние бейнесінде бекіген әлем туралы білімінің, өмірлік іс – тәжірибесінің соматикалық коды тұрғысынан зерттейді және “қарабайыр” санада орын тепкен “адам және оның дене мүшелері” туралы көне ұғым – түсініктердің тілдік көрінісін айқындайды [4, 5 бет].

Ой айқындылығы – әр сөздің орын – орынымен жұмсалыу, құлаққа жағымды естілуі мен көңілге әсерлігі. Ана тілінің байлығы мен әуезділігін анықтауда фразеологизмдердің алатын орны ерекше.

Тіліміздегі фразеологизмдер халықтың өзімен бірге туып, бірге жасасып келе жатқан көне дүниелер. Осындай ұзақ уақыт кемелінде фразеологизмдердің ішкі мазмұны да сыртқы құрылысы да сан түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Қалай десек те, өзге тілдік единицалар сияқты фразеологизмдерді де белгілі қызметіне қарай қолдану орны бар. Мынау фразеологизмнің варианты деп ауызекі тілде емін – еркін сөйлеп, әдеби тілде көсіліп жаза беруге болмайды.

Фразеологизмдер тілдегі тиянақты тіркестерді тексеріп зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Тілдегі барлық фразеологизм тіл байлығының тұтас жиынтығы. Фразеологизмге жатқызу үшін басты үш белгі болу шарт:

1.Даяр қалпында жұмсалыуы;

2.Мағына тұтастығы;

3. Тіркес тиянақтылығы;

Ғалым Г.Смағұлова қазақ фразеологизмдерін мынадай стильдік қабаттарға бөлді:

1.Кітаби фразеологизмдер;

2.Бейтарап (стильаралық) фразеологизмдер;

3. Ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер;

4. Қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер;

5. Дөрекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер.

Ғалым Р.Авакова фразеологизмдерді ішкі формаларының туындау көздеріне байланысты шартты түрде төмендегідей топтастырады:

• Адамның анатомиялық атаулары (соматизмдер) мен қимыл қозғалыстарына байланысты туған фразеологизмдер;

• Жануарлар (зооморфтық фразеологизмдер) әлемі;

• Өсімдіктер (флора) әлемі;

• Табиғат құбылыстары;

• Өлшем бірлік (метеорология);

• Сандық (нумеративтік) фразеологизмдер;

• Түр – түстік және сындық;

• Алғыс және қарғыс мәнді;

• Мифтік және діни;

• Тарихи кезеңдермен және тұлғалармен байланысты туған фразеологизмдер және т.б. [5, 68 бет].

Кітаби фразеологизмдер

Кітаби фразеологизмдер – стилистикалық бояу тудыратын, әртүрлі эмоционалды – экспрессивті реңк тән.

Кітаби фразеологизмдер – сөйлеу тіліне салыстырмалы салтанаттылық реңк беріп, көбіне әдеби тілде көрсетіледі. **Мысалы:** тағдыр дауылы, жаралы жүрек, от шашу .

Шығарма тіліндегі кітаби фразеологизмдер

1. Қасболат оның күдігін бірден сөндірді (“ Боран”, 9 бет).

Күдігін бірден сөндірді - шүбәсіз болды, сенімсіздік сейілді [ҚТФС, 287 бет].

2. Содан ақыры тәуекелге бел буып Қоспан өріске шықты (“ Боран”, 10 бет).

Тәуекелге бел буып – Қиындықты мойынға алып, неге де болса көнді [ҚТФС, 499 бет].

3. Жазда сусыз болғандықтан мал тұяғы жерге тимей жусаны мен изені ырғалып тұр (“ Боран”, 10 бет).

Мал тұяғы жерге тимей - Қиын, ауыр жол[ҚТФС, 385 бет].

4. Табиғатпен бірге қатқыл **көңлі жібіп**, жаны бусанып, көкірегін үнсіз, дыбыссыз күй кернейді (“Боран”, 11 бет).
Көңлі жібіді – Тұла бойы жіпсіді [ҚТФС, 273 бет].
5. Қасболаттың болашығын біліп, ертең өзімен **терезесі тең**, не биіктеу болып шыққанда (“Боран”, 66 бет).
Терезесі тең – дәрежесі, атағы, қатарлас [ҚТФС, 501 бет].
6. Бұ да сол жағын есепке алып, ер **мойнында бір қыл арқан жүрсін** дегені ғой (“Боран”, 67 бет).
Мойнына арқан салды – күштеп көндірді [ҚТФС, 393 бет].
7. Бірақ белгісіз бір күш жеме-жемге келгенде **желкесінен тарта береді** (“Боран”, 68 бет).
Желкесінен тарта береді – Тықкыштай беру, жауапгершілікті ілу [ҚТФС, 196 бет].
8. Қоспан **көңілі құлазып** аз тұрды да баурайдағы тобылғыға келді (“Боран”, 80 бет).
Көңілі құлазыды – Жалғызсырады, көңілі жетімсіреді [ҚТФС, 279 бет].
9. Қисайып **көз шырымын алғысы** келіп еді, бірақ әлде неге мазасызданып орнынан тұрып кетті (“Боран”, 83 бет).
Көз шырымын алды – Аздап мызғып, дем алды [ҚТФС, 255 бет].
10. Қоспанның **жүрегі зірк ете қалды** (“Боран”, 86 бет).
Жүрегі зірк ете қалды – қатты толқыды [ҚТФС, 214 бет].
11. О жағынан **көзі қырағы** (“Боран”, 88 бет).
Көзі қырағы – көргіштік [ҚТФС, 257 бет].
12. Жастығына қарамай жайлы мінез, жылы жүзімен әп-сәтте кісінің **іші-бауырына кіріп** кетеді (“Боран”, 90 бет).
Іші-бауырына кірді – Жылы сөзі, жақсы мінезімен баурап алды, өзіне жақын тартты [ҚТФС, 585 бет].
13. **Өңін жүдеу ғой** деп сұрады (“Боран”, 90 бет).
Өңін жүдеу – Ашулы [ҚТФС, 436 бет].
14. Байғұс бала екі күннен бері **бел шешкен жоқ** (“Боран”, 100 бет).
бел шешкен жоқ – Тыным көрмеді, демалмады [ҚТФС, 112 бет].
15. Ай, саған **тырнағын іліктіре алмаған** ғой (“Боран”, 100 бет).
тырнағын іліктіре алмаған - Бір нәрсеген қолы жетпеген [ҚТФС, 530 бет].
16. Шал аржағын – желдің бағытында жатқан Қарақияның кең жазығын **ауызға салуға** сескеніп, күрмеліп қалды (“Боран”, 100 бет).
17. **Көзімізге түсе қоймады** (“Боран”, 101 бет).
Көзге түспеді – Көрінбеді [ҚТФС, 255 бет].
18. – Ау, **жеті түнде** қайда барасың? – деді Жаңыл (“Боран”, 101 бет).
Жеті түн – Тастай қараңғы түн [ҚТФС, 203 бет].
19. Тіпті тосыннан **жер таянып** Қаламүшке бажырая қарап, ештеңе ұқпағандай аз отырды (“Боран”, 101 бет).
Жер таянды – Уайым-шерге батты, қайғыда қалды [ҚТФС, 201 бет].
20. Қаламүш бұлардың сөзін **құлағына іле қойған жоқ** (“Боран”, 101 бет).
Құлағына ілмеді – Ұқпады, елемеді, тыңдамады [ҚТФС, 360 бет].
21. Түнімен елегзіп, **көзі ілініп** кетсе жаман түс көріп сергелдең боп тұрған Жаңыл таң атқасын қорадағы тоқтыларына шөп салды да, үйде отыра алмай күрең биеге мініп қырға шықты (“Боран”, 101 бет).
Көзі ілінді – Ұйқыға кетті [ҚТФС, 360 бет].
22. Кел, Жаңыл **ауыз ти** (“Боран”, 103 бет).
Ауыз тиді – аздап тамақ ішті, дәм таттырды [ҚТФС, 71 бет].
23. Құдай оңғарса сенің үйіңе де тойға барамыз, - деп қам **көңілін жұбатады** (“Боран”, 103 бет).
Көңілі жұбанды – Медеу қылды, алданыш етті [ҚТФС, 71 бет].

24. Жаңылды қарулы қолымен жерден көтеріп алып **құшағына басты** (“Боран”, 103 бет).
Құшағына басты - Өзіне жақын татты [ҚТФС, 71 бет].
25. Ар жағы **өң мен түстей** (“Боран”, 103 бет).
Өң мен түстей - Бір сәттік елестей, сағымдай [ҚТФС, 240 бет].
26. « Үш күннен бері **оң қабағым тартып** жүр еді, бәсе Қоспанның келуіне көрінген екен ғой » деген сөздер қуанышын қоздыра түседі (“Боран”, 104 бет).
Оң қабақ тартты – жылы шырай, жақсы көңіл білдірді [ҚТФС, 230 бет].
27. **Тағдырдың жазғанына** шара бара ма, Қоспан қарағым, мынау бүгінгі қуанышыңа у тамызғалы отырмын (“Боран”, 104 бет).
Тағдырдың жазғаны – Пешенесінен көру, маңдайына жазғанды көру [ҚТФС, 230 бет].

Ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер

Ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер дегеніміз – күнделікті тұрмыс тіршілігіміздегі, сөйлеу тілінің диалог формасында көркем әдебиетте еркін қолданылатын тұрақты тіркестер. **Мысалы:** іші өртену, қаны қайнау, көзден бұлбұл ұшу, жыны келу, айызын қандыру.

Шығармадағы ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер

1. Биылғы жылдың қысы Қоспанға **ауыр тиді** (“ Боран”, 8 бет).
Ауыр тиді – Жайсыз болды, көңіліне алды [ҚТФС, 72 бет].
2. **Іші пысып** жалғыз үй отырған қойшы семьясы қонақ келгенде кәдімгідей серпіліп қалады (“ Боран”, 9 бет).
Іші пысты – Әбден зерікті, жалықты [ҚТФС, 587 бет].
3. Бетіне төпелеп ұрған қар кірпік астын жасқа толтырып, **көзін аштырмайды**(“ Боран”, 12 бет).
Көзін аштырмайды – Азаптан ,бейнеттен аша алмады [ҚТФС, 262 бет].
4. Сәбираны қайдам, **қашаннан мінезі тұйық қой**, ал Қасболаткөндігіп кетпейжатып, мына зауалғаұшырады (“ Боран”, 62 бет).
Мінезі тұйық – салмақты , байыпты [ҚТФС, 400 бет].
5. **Басышырдайқатып** үйден шықты (“ Боран”, 64 бет).
Басы қатты – Не істерін білмей дал болып абыржыды [ҚТФС, 98 бет].
6. Бұл арада жұрт **құлақтанып қалды** (“ Боран”, 64 бет).
Құлақтанып қалды – хабарлас болды [ҚТФС, 54 бет].
Көз алдына Шәрипа елестегенде тілі байланып қалады (“ Боран”, 66 бет).
7. Мәжитовқа уәде бергеннен кейінде « **көзді жұмып** қойып кетсем бе екен » де талай толқыды (“ Боран”, 68 бет).
Көз жұмды – нар тәуекелге басты [ҚТФС, 256 бет].
8. Әрине Шарипаны шексіз жақсы көретінін, қашан **артық демі біткенше** ұмытпайтынын ... бәрін... бәрін... айтпақ болды(“Боран”, 69 бет).
Демі біткенше – Өмірінің соңына дейін [ҚТФС, 148 бет].
9. Алыс жолға кетіп бара жатқан адамды **құр ауыз** жіберіп(“Боран”, 69 бет).
Құр ауыз кетті – дәм татпады, ештеңе істемеді [ҚТФС, 365 бет].
10. Кенет шай құйып жатқан қыздың, саусағындағы ұсақ дірілді **көзі шалды** (“Боран”, 70 бет).
Көзі шалды – Байқап көріп қалды [ҚТФС, 265 бет].
11. Қаламүш Жаңылдың **тілін алмай** боранда шығып кетіп, бір пәлеге ұшырап қалмаса неғылсын (“Боран”, 80 бет).
Тілін алмады – Ақылын алмады, айтқанды істемеді[ҚТФС, 532 бет].
12. Кеше ғана **алақанына салып**, өзі баулап өсірген баланың енді тізгінді қолына алып, өзін жетелеп кеткенін Қоспан сезбей қалды (“Боран”, 82 бет).
Алақанына салды - Әлпештеп өсірді[ҚТФС, 31 бет].

13. Қасеке, сіздің ауданыңызда бір күлкілі, қызық факты жоқ па, **қол ұшын беріп жіберіңізші** көкетай (“Боран”, 91 бет).

Қол ұшын беру – Қолғабыс етті, көмек көрсетті [ҚТФС, 346 бет].

14. Ел аралағанда малшылармен, диқандармен тез **тіл табыса** қояды (“Боран”, 91 бет).

Тіл табысты – ұғысты, түсіністі [ҚТФС, 534 бет].

15. Қасболат әртүрлі жағдайларды басынан өткерсе де, мұндай нағыз қиын талқыға әлі түсіп көрген жоқ еді (“Боран”, 99 бет).

Басынан өткізді – Өз өмірінде болып өтті [ҚТФС, 102 бет].

16. Қасболат мазасыз ойдан серпілгісі келіп, еңсесін көтеріп сыртқа **көз тастады** (“Боран”, 99 бет).

Көз тастады – Қарады [ҚТФС, 258 бет].

17. Жаңыл **тіл қатса** жаманат хабар еститіндей түршігіп ішке кіріп кетті (“Боран”, 99 бет).

Тіл қатса – Бірдене деді, сөйледі [ҚТФС, 534 бет].

18. Дастарқанға шай келгенше ешкім **тіс жарып тіл қатпады** (“Боран”, 99 бет).

Тіс жарып тіл қатпады – Үн-түнсіз қалды, үндемеді [ҚТФС, 536 бет].

19. Жаңыл бажырайып қарамаса да **қабағының астымен** күйеуінің ажарын бағады (“Боран”, 104 бет).

Қабағының астымен қарады – Білдірмей көз тастады [ҚТФС, 230 бет].

20. Содан кейін Жаңылды ертіп колхоздағы туыстарына барып **мауқынбасты** (“Боран”, 106 бет).

Мауқынбасты – Құмары қанды, көңілі көншіді [ҚТФС, 215 бет].

21. Екеуі ауылдан **көңілдері көтеріліп**, бір жасап қайтты (“Боран”, 106 бет).

Көңілі көтеріңкі - Көңілді, шат [ҚТФС, 154 бет].

22. Жаңылға « үйге кісі келіп қалар деп» **құлақ қағыс қылып кетті** қайтты (“Боран”, 107 бет).

Құлақ қағыс етті - айтар ойдың ұшын шығарды [ҚТФС, 154 бет].

23. Өзі де бір жарқын мерекені тосқандай **тағаты таусылып** күйеуінің қайтып келуін күтіп еді (“Боран”, 107 бет).

24. **Тағаты таусылды** - саябырсыздық, дегбірсіздік туралы айтады [ҚТФС, 268 бет].

25. Қоспан екі рет қана саябырда **көз шырымын алды** (“Боран”, 110 бет).

Көз шырымын алды – Аздап мызғып алды [ҚТФС, 142 бет].

3. Қорытынды.

Т. Ахтанов “Боран” шығармасы тіліндегі қолданыс тапқан фразеологизмдер бір жағынан тіл көркемдігінің құралы болса, екіншіден, ой көркемдігінің сипаты. Қаламгер тілінің лексикалық байлығының бір қырын әр түрлі фразеологизмдер танытады. Шығарма тілінде кездесетін фразеологизмдердің басым көпшілігі ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер болып табылады.

Әдебиет тізімі:

Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ., Қасабек Қ., Балтабаева Ж., Мұхамеди Қ., Рахметова Р., Көпбаева Ж. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: “Print-S” баспасы, 2005. – 535 бет.

Сейітова Ш.Б. Қазақ этнонимдерінің тарихи – лингвомәдени жүйесі. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, Алматы – 2009. – 54 бет.

Үрімova P.K. Қазақ тілінің аймақтық мақал – мәтелдері мен фразеологизмдерінің этноқұрылымдық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, Алматы – 2009. – 29 бет.

Нұржанова А.Б. Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, Астана – 2010. – 24 бет. Авакова Р.Ә. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 292 бет.